Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOǴAI AJARY

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№30 (7919)
Жұма
21 шілде
2023 жыл

Президент реформасы – өміршең өзгерістер

## Тарихи тұжырым жасалды

Қазақстан бүгінде жаңа даму жолына түсті. Қазір әлемде болып жатқан күрделі өзгерістер қоғамдағы мәселелерге жаңа көзқараспен қарауды талап етуде. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған Ұлттық құрылтай ел өміріндегі жаңа тарихи кезеңге жол ашып берді.

Құрылтай деген қарапайым, бірақ қазіргі кезеңге дейін сирек айтылып, аз қолданылып келген тарихи термин Мемлекет басшысының жаңашыл бастамасының нәтижесінде жалпыұлттық терминге айналды.

Өткен жылы Ұлытауда ұлттың басы қосылса, биыл Түркістан төрінде ынтымақ туы көтерілді. Ортақ ұран осы жерде айтылды. Осы орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтай жұмысы барысында басшылыққа алынуға тиіс негізгі сегіз мәселені атады.

«Мен аймақтарды, оның ішінде ауылды өркендету ісіне ерекше мән беремін. Былтыр Президент сайлауынан кейін, ең алдымен, ауылды дамыту мәселесіне арналған Жарлыққа қол қойдым. Үкімет алдағы 5 жылда ауылды дамытуға айрықша күш салатын болады.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі. Елге еңбегі сіңген көрнекті тұлғалардың басым көпшілігі ауылдан шыққан. Біз елімізді өркендетеміз десек, ауыл мектебінің жай-күйін жақсартуды мықтап қолға алуымыз керек. Бұл жұмысты «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасының аясында кешенді түрде жүзеге асыру қажет. Яғни, мектеп салу, күрделі жөндеу жүргізу және оны жабдықтау жұмысын тиісті деңгейде атқару маңызды», – деп атап өтті Президент. Сондай-ақ, келелі басқосуда мемлекеттік тіл, өскелең ұрпақтың тәрбиесі, мәдени мұрамызды жанжақты дәріптеу сынды өте маңызды мәселелер сөз болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пайымдауынша, ұлттық болмысты сақтай отырып, Қазақстан өз ішіндегі саяси тұрақтылықты, әлеуметтік келісімді және экономикалық жаңаруды күшейте беруге тиіс. Онда айтылған ойлар мен ұсыныстар, идеялар мен пікірлер, арыз-өтініштер алдымызда аса ауқымды жұмыстар тұрғанын көрсетіп берді.

Ұлттық құрылтай тарихи сана мен рухани өзгерістердің жаңа кезеңінің уақыты келгенін, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен міндетін терең ұғынудың, ғылым мен білімді, жаңа технологияларды дамытудың, озық ел болудың тарихи тұжырымын жасады.

Осы міндеттерді береке-бірлік танытып, бірге жүзеге асыру – міндетіміз.

**С.Калиясқаров,**
**Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінің ғылыми қызметкері.**

*Халық үніне құлақ асатын мемлекет*

## Ауылдың өзекті мәселелері ұдайы назарда

Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлыққа қол қойғаны баршаға мәлім. Онда: «Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудара отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағ-



дарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін» деген болатын.

Жарлыққа сәйкес елді мекендегі ағайынның тыныс-тіршілігіне талдау жасап, халықпен ашық жүздесіп, тұрғындардың көкейіндегі ұсыныс-тілектерін тыңдау мақсатында Ақтоғай ауданында билік пен бұқара арасында кездесулер белгіленген кестеге сәйкес өткізіліп келеді. 19 шілде күні аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов Сарышаған кентіне барып, тұрғындарды жеке сұрақтары бойынша қабылдады. Өз кезегінде аудан әкімі орынбасары ел экономикасында айрықша орын алатын, мемлекет басты назарда ұстайтын саланың бірі – әлеуметтік сала болып табылатынын тілге тиек етті. Әрі Мемлекет басшысы әрдайым осы әлеуметтік саланы қолдау мен халықтың әлжуаз топтарына көрсетілген мемлекеттік көмекке баса мән беріп келе жатқанын жеткізді.

Қабылдауға келген тұрғындар тұрғын үй, жұмыс, көше атауын ауыстыру, ауыз су сияқты сұрақтарын жолдап, көтерілген мәселелер бойынша заңдылығына сәйкес жауаптарын алды. Одан әрі А.Базылұлы үстіміздегі жылы аталмыш кенттің 70 жылдық мерейтойына байланысты өткізілетін іс-шара жоспарына сәйкес, кентте атқарылып жатқан біркатар нысандарды аралап, жұмыс барысымен танысты.

**Думан ҚАБЫЛ.**

Президент реформасы – өміршең өзгерістер

## Жаңа Қазақстанға бет алған жаңашыл көзқарас

Ұлттық құрылтай – ұлтты ұйыстырудың, халықты ынтымақ пен бірлікке үндеудің, мемлекеттік саясатты жалпыұлттық негізге көші-рудің, ел мен жердің рухын ұлттық болмыспен ұштастырудың айқын көрінісі.

Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қаракұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңінде Дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Түркістан төріндегі өткен Ұлттық құрылтайдың мәні мен мақсаты жалпы жұртымызға ортақ мәселе болды.

«Бірінші құрылтай Жалпыұлттық референдумнан кейін шақырылған еді. Содан бері, міне, бір жыл өтті. Бұл Әділетті Қазақстанды құру жолында айрықша маңызы бар тарихи кезең болып отыр. Біз Ата Заңымызға әділдік рухын сіңіре отырып, конституциялық реформа жасай алдық. Бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түсті. Сонымен қатар, еліміздің ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарын айқындап берді. Биліктің басты институттары қысқа мерзім ішінде мүлде басқаша сипатқа ие болды. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігі едәуір кеңейді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі нығайды. Осының бәрі еліміздің саяси құрылымын орнықты және тиімді етіп қайта құруға септігін тигізді. Барынша әділ, ашық әрі бәсекеге лайық жүйе қалыптасты. Кейбір адамдар реформалардың табысты боларына күмәнмен қараған еді. Бірақ, біздің бағдарымыз өзгерген жоқ. Ауқымды саяси жаңғыру жоспарын рет-ретімен жүзеге асырдық. Бәріміз бір ел болып орасан зор жұмыс атқардық. Қазақстан осыдан 2-3 жыл бұрынғы, тіпті, бір жыл бұрынғы қалпынан айтарлықтай өзгерді. Біз аз уақытта зор серпіліс жасадық. Бұған ынтымақ-бірліктің және сындарлы қоғамдық диалогтың арқасында қол жеткіздік», – деді президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тарихи жиында айтылған ұтымды ой-пікірлер, ұсыныстар, шешімдер мен тұжырымдар Жаңа Қазақстанның дамуына қатысты ең көкейкесті мәселелерге қозғау салды. Ұлттық құрылтайда талқыланған тақырыптардың барлығы да ел өмірінің жарқын болашағын қамтамасыз етіп, жаңа қоғамда жасалатын жаңа қадамдар жайы кеңінен сөз болды. Бүгінгі қоғамда қордаланған мәселелерге жаңа қырынан қараған, халықтың көкейінде жүрген көкейкесті сұрақтарға жауап берген құрылтайда Мемлекет басшысы бірінші кезекте қандай міндеттерді шешуі керек екеніне жан-жақты тоқталды.

Құрылтайда ел Жаңа Қазақстанға бет алған жаңашыл көзқарастың куәсі болды.

**Ш.Елеген,**
**аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры.**

*Аудан әкімдігінде*

# Қамдансаң, қапы қалмайсың

«Сақтансаң – сақтаймын» деген. Қауіп қайдан болса, қатер содан. Осыдан бір ай бұрынғы көршілес Абай облысында орын алған орман өрті салғырттықтың соңы қайда апаратынын көрсетті. Сол оқиға тұтас ел үшін қай жағынан болса да, үлкен шығын әкелді.

басшылары және «zoom» платформасы арқылы ауыл әкімдері қатысты.

Жиында күн тәртібіндегі бірінші мәселе – аудан көлемінде өрт қаупі жоғары кезеңде табиғи өрттің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар



Міне, содан кейін барып ел етек-жеңін қымтап, жинақылanып жүретін болды. Десе де, биыл жаз маусымында жаңбырдың аз мөлшерде жаууы әрі соңғы кезде қара жерді қуырып жіберген аптап ыстық дала өртіне үлкен себеп болып тұр. Оның үстіне қысқы мал азығын әзірлеу үшін бұқараның дені шөп шабу науқанына ерте бастан кірісті. Сол тракторлар кей сәттерде шоқ шашып, тілсіз жауды оятып жібереді.

Осындай оқыс оқиғалар орын алмас үшін шілденің 19-ы күні аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссия отырысы өтті. Аудан әкімінің орынбасары С.Мұратұлының төрағалығымен өткен жиынға өңірдегі төтенше жағдай саласына жауапты

және елді мекендерде «Ерікті өртке қарсы құрылымдары» қоғамдық бірлестіктері аясында өрт сөндіру бекеттерін құру туралы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Е.Оңғарқұлов баяндама жасады. Сондай-ақ, ауданның су айдындарында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар және Балқаш көлі жағаларында екі коммуналдық жағажайларын ұйымдастыру мәселесі талқыланды.

Жиын соңында аудан әкімінің орынбасары С.Мұратұлы ауыл, ауылдық округ, кент әкімдеріне және барлық мекеме басшыларына алдағы жоспарда тұрған міндеттерді белсенді түрде жүргізу жөнінде тапсырмалар берді.

**Өз тілшімізден.**

## Хабарландыру

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 14 шілдедегі №486 қаулысына, «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы мен Балқаш қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы» Қарағанды облысының әкімдігі мен Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 22 маусымдағы бірлескен №41/16 қаулысы мен №56 шешіміне сәйкес, Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 17 шілдедегі №32/02 қаулысына байланысты, «Торанғалық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі таратылатынын хабарлаймын.

**А.Боран,**
**«Торанғалық ауылдық округі әкімі аппараты» ММ әкімі.**

*Еркін елдің ертеңі*

# *Балалық шақ – балдәурен*

Адамның бұл өмірдегі бақыты – балалық шағы. Сол ұмытылмас күндер кімді болса да сағынтпай, аңсатпай қоймайды. Балалық кезеңдегі тәтті қылықтар, ата-ананың қамқорлығы, жақын жандардың мейірімі әрқашан да адам санасында берік орнап, жанға жылу ұялатады. Әлемдегі ең құнды байлықтың бірі – баланың жарқын күлкісі мен көңілді көздері. Ал, олардың қуанышына төңірегіндегі жақындары куә болса, бір ғанибет емес пе?!. Сондықтан, дүние есігін ашқан әр сәби ата-ананың аялы алақанын сезініп, бақытты балалық шақты өткеруге лайық. Ал, балаларға қуанышты сәт пен ерекше көңіл-күй сыйлау үшін алдыңғы лек аянып қалмауы керек.

Ақтоғай мәдени-бос уақыт өткізу орталығының ұйымдастыруымен балалардың жазғы маусымдық демалыс күндерін тиімді өткізу мақсатында «Балалар – өмірдің гүлі» атты мәдени-демалу шарасын өткізді. Мұндағы негізгі ниет – балалық балдырған шақтың қызықтарын балаларға түсіндіру. Ой-өрістерін, ойлау логикаларын дамыту, сөйлеу тілдерін жаттықтыру. Сонымен қатар, жас буынды бауырмалдылыққа, ұжымшылдыққа, достыққа баулу.

Аталмыш шара бірнеше кезеңге бөлініп, түрлі сайыстар мен ойындардан тұрды. Әуелгіде балдырғандардың санасына саңылау түсіру үшін әдеби-танымдық сұрақтар қойылды. Одан кейін бүлдіршіндерді сергіту мақсатында флешмоб ән, би сайыстары өтіп, ойын алаңында жүрген балапандардың барлығы қатысты. Көркемсөз оқып, көңіл көкжиегін кеңейткен балалар шара соңында бірін-бірі қуалап, ойын ойнап, бір мезет көңілдері көтеріліп қалды. Осындай шарапатты шараға ұйытқы болған Ақтоғай аудандық мәдени-бос уақыт өткізу орталығының мамандары мұндай шара алдағы уақытта жалғасын табатынын айтты. Сондай-ақ, әр аптаның жұма күндері балаларға арналған қазақша мультфильмдер көрсетілетін болады.

Е.Мұстафин.

*Туған жер*

# Түлектер тартуы

«Әркімнің туған жері – Мысыр шәрі» деген тәмсіл бар. Қазақтың шоқтығы биік қаламгерлерінің бірегейі, өр мінезді жорналшы Ш.Мұртаза «Ай мен Айша» шығармасында былай дейді: «Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді. Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Моңғолстан, Үндістан, Пәкістан, Иран бардым. Мұхиттың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркте болдым – олар да түсіме кірмеді. Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім. Түсімде ылғи балалық шағымды көремін. Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін. Түсіме ылғи Айша кіреді. Анамның аты Айша еді».

Туған жер – ол біздің алтын бесігіміз, кіндік қанымыз тамған жер. Адамзатта екі ана болады: бірі – жарық дүниеге әкелген анасы болса, екіншісі – осы дүниеде өз бауырында аунатып өсірген Жер-Анасы, туған жері. Сол себепті де адамның кіндік қаны тамған өлкесі қашан да ең ұлық ұғым болып қала бермек. Тұла бойын кернеген саф ауасы мен ұзақты күнге үстінде аласұрып жүргенде табанына майдай жаққан топырағы үшін әрбір жұмыр басты пенде туған жердің алдында борышкер. Осының барлығын түп санасымен ұғына білген халқымыз талай жылғы өмірлік тәжірибесіне иек арта отырып, «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген.

Соңғы жылдары өзге өңірлерді қайдам, біздің аудан төңірегінде жақсы бір бастама эстафета іспетті бірден-бірге өтіп, өзінің өрісін кеңейтіп келеді. Жыл сайын өздерінің мектеп бітіргендеріне мерейлі жыл болған түлектер ауылы мен білім нәріне қандырған мектептеріне тәу етіп, шамашарықтарынша сол өңірдің қажетін ашып, қол ұштарын созады. Мәселен, бірі білім ошағына қажетті құрал-жабдық тарту етсе, енді бір қауым түлек ауыл инфрақұрылымының дамуына атсалысады.

Жуырда Шабанбай би ауылының 1976 жылы туған 1993 жылғы түлектері мектеп қабырғасынан қияға қанат қаққандарына отыз жыл толуын атап өтті. «Жүрген жерде із қалады» дегендей, ұйымдастырушылар шараны құрғақ сөз, құр ойын-сауық деңгейінде қалдырған жоқ. Түлектер бұған дейінгі аға-апалары ауылға тарту еткен қараша үйдің ішін үстел-орындықпен жабдықтап, тұрғындардың қажетін ашты. Сонымен қатар, спорттық сайыстардың да жалауы желбіреді. Әуелі нәзікжандылар арасында қол күресі, кейін жасөспірімдер арасында кермеге тартылу, кір тасын көтеру сайыстары өтті. Соңында футбол ойыны ұйымдастырылып, бес команда қатысып, бағын сынады. Аяқдоптан І орынды «Бестерек» командасы еншілеп, 50 мың теңгемен марапатталды. Ал, ІІ орынға табан тіреген «Жастар» командасы 30 мың теңгеге ие болса, үштікті түйіндеген «Саздыауыл» командасына 20 мың теңге бұйырды. Сондай-ақ, сайыстың барлық жеңімпаздары ақшалай сыйлықтарға ие болды.

**Е.Темірханұлы.**

Мемлекеттік қызмет

# Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары сақталуына бақылау күшейтіледі

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік аппараттың алдында бекітілген міндеттерінен бөлек, жұмыскер ретінде заңнамамен көзделген құқықтары да бар екені мәлім (өз міндеттерін жұмыс уақытында атқару, демалыс алу, үстеме жұмысты бекітілген тәртіпте іске асыру және т.б.).

Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен және оның аумақтық бөлімшелерімен мемлекеттік қызметшілердің артық жұмыс жасауына мониторинг жүргізіледі. Себебі, мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту олардың құқықтары бұзылуына алып келуі мүмкін.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменті осыған дейін кіруді басқару және басқару жүйесі (КББЖ) арқылы артық жұмыс жасауына мониторинг жүргізіп, осындай фактілер орын алғанда ақпаратты Еңбек инспекциясына жолдайтын болған.

Енді, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган аталған бағытта мемлекеттік органдарға бару арқылы мониторинг жүргізу, жоспардан тыс тексеріс тағайындау және бұзушылық анықталған жағдайда әкімшілік істі қарау функциясымен күшейтілді.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы №121 бұйрығымен Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидалары бекітілді.

Аталған қағидаларға сәйкес, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментімен мемлекеттік органдарға бару арқылы 2023 жылға арналған мониторинг жоспары бекітілді.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыстан тыс уақытта жұмыс орнында болу фактілері уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғал арымен актіленетін болады. Қажет болған жағдайда мемлекеттік органға бару арқылы жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізу үшін әдеп жөніндегі уәкілдер мен қоғам өкілдері тартылуы мүмкін.

Жұмыс уақытының нормасын заңсыз асырғаны үшін мемлекеттік органдардың басшыларын (жұмыс берушіні) әкімшілік жауапкершілікке тарту заңнамамен айқындалған (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 89-бабы).

Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері еңбек заңнамасында көзделген жұмыс уақытының және күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) қалыпты және қысқартылған ұзақтығын заңсыз асырғаны үшін жұмыс берушілерге қатысты әкімшілік істерді қарау құзыретіне иеленді (мемлекеттік қызметшімен қарым-қатынастағы жұмыс беруші жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде).

Аталған бағыттағы өзгерістер туралы мемлекеттік органдардың жауапты қызметшілері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, олар аталған талаптарды сақтау қажет екені туралы ескертілді.

Жалпы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс көлемінің үлкен болуына байланысты және тағы басқа да жағдайларда артық жұмыс жасау заңнамамен реттелген. Бірақ, ол бекітілген тәртіпте ресімделуі тиіс.

Сондай-ақ, үстеме жұмыстар әрбір жұмыскер үшін тәулік ішінде – екі сағаттан, жалпы ұзақтығы жұмыс уақытын жиынтық есепке алуды белгілеу кезінде төрт күндік, бес күндік және алты күндік жұмыс аптасында айына он екі сағаттан және жылына бір жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс (Еңбек кодексінің 78-бабы).

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы №120 бұйрығымен Мемлекеттік қызметшілер үшін қашықтықтан жұмысты, аралас қашықтықтан жұмысты, икемді жұмыс уақыты режимінде жұмыс істеуді қолдану қағидалары бекітілді.

Аталған қағидаларға сәйкес, мемлекеттік қызметшілермен қашықтықтан жұмысты, аралас қашықтықтан жұмысты, икемді жұмыс жасаудың тәртібі реттелген. Осыған орай, мемлекеттік қызметшілердің жұмысын ұйымдастыру барысында жоғарыда аталған талаптарды ескеріп, оларды сақтау маңызды. Себебі, мемлекеттік қызметшілердің өз құқықтарын сақтамау, кәсіби мемлекеттік аппаратты құруға өз кері әсерін тигізуі ықтимал.

Өз кезегінде, аталған бағытта Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментімен бақылау күшейтілетін болады.

**Б.Макеев,**
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы.**

Мәдени мұра

# Жаңа жинақ жұртшылыққа жол тартты

«Апай төсін Арқа беліне кере тастап, төңірегінің мысын басып жатқан Ақсораң тауы сұлулығымен Бурабай, Қарқаралы сынды ажарлы. Жылдың төрт мезгілінде келбеті өзгермейтін туған өлке барған сайын көк бояулы көктемге айналып, мамыражай мамыр болып, маңдайыңнан сыйпайды. Шатқалын өрлей қара тасты жарып шыққан әсем қарағайлар – жарықтың жаратылыстың ерекше сыйы. Ат құлағы көрінбес баурайдағы қалың жыныс, беткейдегі арша, етектегі бұлақ бар бояу болмысымен жарасымын тауып, жырасынан жылылық есіп тұрғандай».

Міне, тұтас бір ауылдың «өшкенін жағып, өлгенін тірілткен», бір өңірдің тарихын арқалаған кітаптың алғашқы жолдары осылай басталады. Қалыңдығы екі елі, қалақтай ғана кітапты осыншама әспеттеп, неліктен бағасын биіктетіп отыр дейтін боларсыздар. Оған да себеп бар. Жоғарыда өзіміз айтып өткендей, бұл «білім бұлағының ішінде» Арқа даласының асқары, төбесімен көк тіреп тұрған маңғаз Ақсораңның етегін ала орналасқан, әуелден қақ-соқпен ісі жоқ, құбақан ғана ғұмыр кешіп жатқан Қаратал ауылы жайлы, сол ауылдың топырағына кіндігінің қаны мен маңдай тері тамған азаматтар жайлы жазылған. Әсіресе, «қиыннан қиыстырып» қапелімде сөз тауып, шаршы топтың ішек-сілесін қатырған, қағытпа қалжың мен осып түсер әзіл-оспақ шеберлерінің ел ішінде тараған әзіл әңгімелері топтастырылған. Ондайда көбіне «ауылдың айтқыштары» деп те жатады. Біреудің есінде бар,



біреудің есінде жоқ, сол әңгімелер жинағына «Қараша ауыл Қаратал жағасында» деген тақырып беріпті. Жинақ авторы – бір ғасыр көлемінде аудан жаңалығын үздіксіз үнпарақ бетінде жариялап келе жатқан қазіргі «Ақтоғай ажары» газетінде жемісті еңбек еткен журналшы Қ.Ештанаев.

Кітаптың тұсаукесер салтанаты 13 шілде күні Шабанбай би ауылындағы мәдениет үйінде өтті. Кешті әдеби ортада есімі мәшһүр, аймағымыздағы шоқтығы биік ақын-жазушы С.Сағынтай жүргізді. Бірінің әкесі мен анасы, бірінің замандасы жинаққа енгендіктен, әрі ауылдағы көзкөрген ағайын туралы болғандықтан, кітаптың тұсаукесеріне келген халықтың қарасы қалың болды. Әуелгіде Қазыбек ағамыз ел алдына шығып сөз сөйледі. Осынау қолға алған ісінің шашбауын көтеріп, қолдау білдіре келіп отырған ауылдастарына ақжарма алғысын білдірді. Өзі де сөзге шебер автор әңгіме арасында көзімен көрген, кешегі үлкендердің оқиғаларын айтып, жиналған қауымды қыран-топан күлкіге батырды.

– «Қасиет – ғарыштан, талант – туған топырақтан» деп түсінсек, қайсар бабалар мен шешен билер дүниеге келген Ата тауым – Ақсораңның бауырында Әлиханның бесігі тербеліп, Әлимханның жөргегі жайылған. «Тау баласы тауға қарап өседі» демекші, туған жердің төсін таласып емген ұрпақтың тіршілікке ерекше ғашық болуы, бой-бітімін шыңға қарап түзеуі кездейсоқтық болмаса керек.

Қаратал – менің тірлік сыйлаған құрсағым. Даладай дархан, елдігі ерекше, кеңдігі тіпті бөлек, ынтымағы мен ырысын тауып отырған қоңыр тірлікті халқын айтсаңызшы, – деп Қазыбек ағамыз өз тебіренісін білдірді.

Туған өлкесін ұлықтаған ұлына тілекші Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері С.Жанысбай, тарихшы, мәдениет майталманы, қабырғалы қаламгер, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Қ.Сәдуақасов және ауыл әкімі А.Мұрасов пен Шабанбай би ауылы мешітінің имамы, тәржімашы, қаламгер А.Хасенов, «Ақтоғай ажары» газетінің ұжымы, бірге оқыған кластастары сөз сөйлеп, өз лебіздерін білдірді. Құрғақ сөз, құр алғыс қана емес, ауылдың Атымтай азаматтары Қазыбек ағамыздың астына ат мінгізді.

Осылайша, «Қараша ауыл Қаратал жағасында» кітабының тұсаукесер салтанаты өте жоғары дәрежеде өтті.

**Е.АЙТЖАН.**

Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы

# ҚОЛӨНЕР – КӨҢІЛ ҚАЛАУЫ

Қолымызға қалам алып, қайсыбір тақырыпты қаузап жазбас бұрын әуелі қазақи танымға, қазақы әдет-ғұрыпқа қайырылып, бабалар даналығына көз жүгіртеміз. Әлімсақтан кешегі күнге дейін талай аумалы да төкпелі заманды бастан өткерген қазақтың өмірлік тәжірибесіне иек арта отырып, «жеті рет өлшеп, бір рет кесіп» айтқан нақыл сөздері аз емес. Қазекемнің мақалы мен мәтелі еститін құлақ, ұғынатын сана болса бір адамның ғұмырының соңына дейін жарайтын азығы боларлық. Міне, сол кешегі күннен бүгінге керуен тартып, дін аман жеткен бабалар ғибратынан қажетімізді тапқаннан кейін ғана мақаламыздың мәні де, дәмі де кіріп, салмақтанып шыға келеді.



Бүгін де әңгімеміздің әлқиссасын әріден, яғни, отырықшылыққа дейінгі жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп, ұланғайыр даланың төсін еміп, емін-еркін күн кешкен қазақтың тұрмысы жөнінде бастамақпыз. Себебі, бүгінгі таңдаған тақырыбымыз соның төңірегінде өрбімек.

Көшпелі қазақ халқының тарихының тамыры сонау кезеңдерде жатыр. Қазақ елінің өмірінде аса маңызды рөл атқарған көшпелі мәдениет бірден қалыптасқан жоқ. Оның астарында ұзақ уақытқа созылған революция мен даму бар. Қазақ ежелден табиғатпен етжеттес халық. Сол себепті де рухани мәдениеті бай. Ол қазақтың айналысатын шаруасына, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне негіз-деле отырып, кең даладан алған тәжі-рибемен, өмір ағысымен құрылған мәдениет. Төскейде өрген төрт түлігін тұрмысына талғажау еткендіктен, қазақ – табиғатқа тым жақын. Оның табиғатқа негізделген дүниетанымы, ақындық, қиялшылдық, нақтылай келгенде шығармашылық ойлау жүйесі керемет дамыған. Оны біз кешегі аталарымыз бен апаларымыздың көзінің қарашығындай көргендігінің арқасында бізге дін аман жеткен салт-дәстүр мен ата кәсіптерден көре аламыз.

Ұлт тұрмысының негізгі бөлігіне айналған сондай ата кәсіптің бірегейі – қолөнер. Халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты қолөнердің сан алуан түрі бар. Күнделікті пайдаланатын тұрмыстық заттардан бастап, әшекей бұйымдар мен киім-кешек, үйге қажетті құрал-жабдықтар, ыдыс-аяқтар. Көрпешелер мен киіздердегі ою-өрнек, осының барлығы дерлік тұнып тұрған тарихтан сыр шертетін, қажырлы еңбекті қажет ететін халқымыздың қолөнері.

Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында қазақ даласынан табылған түрлі зергерлік бұйымдарға таңданыс білдірмеген ғалымдар кемде-кем. Түркі жұрты бағзы заманның өзінде-ақ темірден түйін түйіп, мысқоланың иін қандырып, әр алуан әшекейлер мен күнделікті қолданатын жез табақ секілді жабдықтарды жасаған. Ал, төрт түліктен түсетін өнімдерді тіпті шашау шығармастан жүнінен жіп есіп, киіз басып қажетіне жаратса, тері атаулыдан сусын сақтайтын саба, торсық секілді қажетті құралдар жасайтын болған.

Шеберлер өз қабілеттеріне қарай ұста, зергер, тігінші, үйші, етікші, өрімші, ағаш шебері деп бірнеше түрге бөлінеді. Бажайлап байқасаңыз, осы аталғандардың арасында үйші, ағаш шебері, бәдізші, етікшілер бүгінгі таңда ел ішінде көп кездесе бермейді. Бар болса да қадау-қадау, некен-саяқ. Ал, өзгелері заманның ағымына сай түрлі технологияларды қолданып, төл өнердің өрісін кеңейтіп, сол арқылы ырзық-несібесін теріп жүр. Кейбір ойы ұшқыр жандар ұлттық бренд қалыптастырып, отандық өнімді шекара асырып, саудалап жүр десек те болады.

Бүгін біз ата кәсіптің шалғайынан ұстап, ұлттық құндылықты ұлықтап жүрген жан жайында қалам сілтемекпіз. Ол жанды ауданымыздағы үнпарақты қалт жібермей оқитын көзі қарақты қауым жақсы тануы тиіс. Себебі, ол – бұған дейін толғақты тақырыптарды қозғап, түйткілді мәселелерді көтеріп, қазіргі «Ақтоғай ажары» газетінде абыройлы қызмет жасады. Дәл қазіргі уақытта ауданымыздың оңтүстік өңірінде құбақан ғана ғұмыр кешіп жатыр. Біздің осынау мақаламызға мәйек болып отырған кейіпкеріміз – Манаргүл Мүтәліп. Біздің ұжым жай ғана Манар дейді. Манардың қолға алған шаруашылығы жөнінде бұған дейін де қысқаша ақпар беріп өткен болатынбыз. Бұл жолы кеңінен тоқталғанды құп көрдік. Оның үстіне кейіпкеріміздің де айтары бар екен.

Апта басында басшымыздан пәрмен алғаннан соң, барып өзімен бетпе-бет жүздесуге жер шалғай болғаннан кейін Манардың әлеужелісіне хат жаздық. Қазандай қайнап жатқан шаруашылықтан адамның қолы тие қоя ма?!. Содан қара телефонды ерттеп мініп, қоңырау шалдық. Жапырақтай сарғайтпай, әйтеуір ә дегеннен тұтқасын көтерді. Сонымен, қазақы ғадетпен бас амандығын, шаруашылық жайын сұрасқаннан кейін не үшін хабарласып тұрғанымызды айтып, мән-жайды түсіндірдік. Қанда бар ұяңдық жібере ме?!. Әуелгіде Манар: «Ой, мені жарияламай-ақ қойсаңдар қайтеді?» – деп тартыншақтады. Мойнына міндет жүктелгеннен кейін біз де қоймыз ба? Талақша жабысып, тақымдап қоймағасын кейіпкер келісімін берді. Өзі де бұрын редакцияда қызмет жасап жүрген кезде талай жаннан сұхбат алғаннан кейін, жорналшыға қандай ақпар керек екенін жақсы біледі. Содан өз кәсібін қалай бастағанын әріден тарқатып, айтып берді:




– Негізі, ісмерлік әр қазақ қызының бойында бар өнер ғой. Тек сол Құдай берген дарынды дамытып, ұштай білу қажет. Мен бұл іске тәж тажал дөңгеленген дүниені тарының бір қауызына тығып тұрған шағында келдім. Таяқтың екі ұшы болатыны секілді пандемия біраз дүниені ақсатқанымен, екінші бір дүниенің тынысын ашты. Атап айталық, осы індет кезінде талайдан бері қол жеткізе алмай жүрген онлайн қызмет көрсету жүйелері қалыптасты. Сондай-ақ, үйде отырып, әртүрлі кәсіп көзін ашқандар болды. Солардың бірі менмін. Алғашқыда жұртшылықтың баршасы төрт қабырғаның ішінде қамалып, дағдарып қалған шақта «екі қолға бір күрек» болсын деп үй жағдайында іс тігуді бастадым. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген емес пе?!. Бұл өнер маған анамнан дарыған. Сонымен, не керек, ақырын-ақырын ұсақ-түйек заттарды тігіп бастадым. Осылайша, «екеуім егіз, егізім сегіз» болып, шағын кәсіптің өрісі кеңейе бастады. Осы тұста еліміздегі кәсіпкерлердің қолтығынан демеу білдірген «Бастау-Бизнес» жобасы арқылы кәсіпкерліктің қырсырын меңгеріп, қолыма күректей сертификат алдым. Құр сертификатты алып қана қоймай, «Бастау-Бизнес» есебінен іргелес Қытай елінен заманауи үлгідегі тігін машинасын алдырдым. Сол құрылғы қазір үкілеген үмітті ақтап тұр десек, артық айтқаным емес. «Еңбегіне қарай өнбегі». Аллаға шүкір, міне, содан бері үздіксіз жұмыс жасап келемін. Тұтынушылар тарапынан түсетін сұраныс та жоғары. Бұрнағы жылдары Шашубай кентінің әкімінің қабылдауында болып, осындай ата кәсіпті қолға алғанымды алға тартып, төл өнердің өрісін ұлғайту үшін жеке ғимарат қажет болып тұрғанын айттым. Сол-ақ екен ауылнай өтінішімді жерде қалдырмастан Шашубай кенті әкімдігінің есебінде тұрған бос ғимаратты ұсынды. Қуана-қуана қабыл алдым. Қазір сол ғимаратта «Екі саусақ бірікті, ине қолға ілікті» деп, тігін тігіп отырмыз. Қос бөлмелі нысанның бір бөлмесінде маталарды өлшеп-пішіп кесіп алсақ, бір бөлмеде тігін аппараты орналасқан.

Мен көбіне-көп қыз жасауын тігемін. «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайтындықтан», бұл сұраныс жоғары кәсіп түрі. Ұлттық бренд қалыптастырмасам да, ұлттық құндылықты ұлықтау үшін, алдағы уақытта жұмыс аясын ұлғайту үшін цех ашуды көздеп отырмын. Жуырда аймағымызда пилоттық жоба негізінде кәсіпкерлерге қолдау ретінде беріліп жатқан жеңілдетілген 2,5 пайыз несиені алып, кенттегі бір ғимаратты сатып алдым. Қазіргі уақытта сыртқы және ішкі құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Осы орайда айта кеткен жөн, осынау істі қолпаштап, демеу білдірген Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасы Ақтоғай ауданы филиалының директоры Серікбол Дәкәрім көп көмегін тигізді. Егер де ойға алған ісім дөңгелеп жүріп кетер болса, келешекте кент тұрғындарын жұмысқа алу да жоспарда бар. Бірақ, бұл уақыттың еншісіндегі дүние. Ал, әзірге қолда барға қанағат қылып, ісімізді ілгерілете бермекпін. Тапсырыс береміз десеңіздер, есігіміз әрдайым ашық. Бұдан бөлек әлеуметтік желі арқылы да тапсырыс қабылдаймын. Бізде келесідей топтама түрлері бар: төр көрпе, балаларға арналған жамылғылар, сырға салу топтамасы, махаббат көрпе, дөңгелек көрпе, бала көрпе сынды туындылар сатылымда бар, – деп, Манар кәсібінің барысын бастан-аяқ баяндады. Бұрындары кейіпкерімізбен әріптес болған ұжымдағы үлкендер: «Манардың еті тірі, екі қолы алдына сыймай, құр отыра алмайды» десіп отыратын. Оған көз жетті.

Иә, о заманнан нәпақасын төрт түлік малдан таба білген қазақ үшін қолөнер жат емес. Соның айғағы ретінде бүгінде ата дәстүрдің шырағын сөндірмей, келешекке жалғап отырған ұрпақ бар. Ендеше, ине-жіптен игілік иірген шеберлерді сіз болып, біз болып қолдайық, ағайын!

**Е.АЙТЖАН.**

Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

«Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет. Бұқаралық спортқа, дене шынықтыруға және әрине, балаларға басымдық беру керек».

**ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.**

# Дені сау ұрпақ – ұлт байлығы

Ұлт денсаулығын нығайтуда бұқаралық спорттың алатын орны ерекше. Соңғы уақыттары үлкен спортта биік белестерді бағындырған ұландарымыздың жеңісі жалпы халықты қанаттандыра түскені анық. Білімді, тәрбиелі әрі дені сау ұрпақ – ұлттың ең қымбат байлығы. Олай болса, балалар мен жасөспірімдердің оқумен қатар, өнер үйреніп, спортпен шұғылданып, жан-жақты жетілуіне қолайлы жағдай жасау – мемлекеттің мойнындағы борышы. Сол себепті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Президент ретіндегі алғашқы Жолдауында бұқаралық спортты дамыту мәселесіне назар аударған болатын.

– Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы бұқаралық спортты дамытуға арналған кешенді бағдарлама қабылдау керектігін айтқан болатын.

Президенттің осы тапсырмасын орындау мақсатында «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» әзірленіп, ол Үкіметтің қаулысымен бекітілгені мәлім.

Бұл орайда Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі өңірде спорттың бұқаралығын арттыру мақсатында ілкімді жұмыстар атқарып келеді. Бөлімнің 7 айда атқарған жұмыстарына тоқталсақ, ауданның дене шынықтыру және спорт бөліміне 2023 жылға аппаратты ұстау шығындары бойынша 44160,0 мың, аудандық деңгейдегі жарысты ұйымдастыруға 10748,0 мың теңге, облыстық жарыстар шығындары бойынша 12480,0 мың, Сарытерек ауылына хоккей кортын орнатуға 17719,0 мың, барлығы 85107,0 мың қаржы қаралды.

Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің бұқаралық іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2023 жылдың 7 айлық көрсеткіші аудандық деңгейде әртүрлі спорт түрлері бойынша 2 спартакиада, 25 аудандық жарыстар өткізіліп, оған 1850 адам қатысты. Өткізілген жарыстарды атап айтатын болсақ, «Қарлы қыс-2023» спартакиадасының ауылдық, аудандық кезеңдері, қысқы спорт түрлерінен оқушылар жарысы, ересектер арасында шаңғы тебу апталығы, шайбалы хоккей ойыны, ересектер арасында волейбол, футбол лигасы, волейболдан «Aktogay ajari» газеті жүлдесі үшін аудандық турнир, қазақ күресінен аудандық жарыстар және волейболдан Серікбай Оразалин атындағы облыстық турнир, Ұлттық спорт түрлерінен аудандық чемпионат, жасөспірімдер арасында облыстық спартакиадасының аудандық кезеңі өтсе, Қазақстан Республикасының Рәміздер күніне орай аудан тұрғындары арасында жүгіруден марафон жарысы, «Сарыарқа-2023» жазғы ауыл ойындарының ауылдық, аудандық кезеңдері өткізілді.



Қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде айлары арасында аудан спортшылары 13 облыстық жарысқа, 4 республикалық жарысқа қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Ауыз толтырып айтатын жетістіктер де аз емес. Мәселен, ақпан айында өткен облыстық «Қарлы қыс-2023» спартакиадасында аудан құрамасы президенттік көпсайыстан 3-орын, асық ату спортынан жастар арасындағы облыс чемпионатынан ұлдар құрамасы 1-орын, қыздар құрамасы 3-орын иеленді.

Қаңтар айында ұлттық спорт түрлері федерациясының ұйымдастыруымен өткен 2022 жылдың қорытынды шарасында ауданның көкпаршылар құрамасы жылдың үздік командасы атанды. Асық спортынан Қаржаубай Ерболатқа үздік спортшы номинациясы табысталды.

Биылдың өзінде ақтоғайлық балуандар, оның ішінде қазақ күресі, самбо, дзюдо күрес шеберлері жақсы нәтижеге қол жеткізді. 14-15 қаңтарда қазақ күресінен жасөспірімдер арасында облыс чемпионатында аудан спортшылары 2 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль иеленді.

5-7 ақпан аралығында самбо күресінен жасөспірімдер арасында облыс чемпионаты өтіп, аудан спортшылары 2 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль иеленіп, 3 спортшы Алматы қаласында өткен жасөспірімдердің ел чемпионатына қатысып, 88 келіден жоғары салмақ дәрежесінде 3-орынды иеленді.

Наурыз айында қазақ күресінен өткен жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирде 70 келі салмақ дәрежесінде Орынбасар Нұртас 3-орын иеленіп, спорт шеберлігіне кандидат атағын қорғады, сонымен қатар кикбокс спорт түрінен Қомар Абай республика кубогіне қатысып, 3-орын, ауыл жасөспірімдер ойындарының облыстық кезеңінде Есенгелді Ерқанат және Боқанова Әмина дзюдо күресінен өз салмақ дәрежелерінде 1-орынға ие болды. Маңғыстау облысы, Ақтау қаласында XII жазғы универсиада ойындарында ауданымыздың спортшысы Сейілхан Әлібек облысымыздың намысын қорғап, қазақ күресінен +100 келі салмақ дәрежесінде жүлделі 3-орынға ие болды. 27-29 маусым аралығында Өскемен қаласында жасөспірімдер арасында дзюдо күресінен Қазақстан Республикасының чемпионаты аяқталып, Есенгелді Ерқанат +73 келі салмақ дәрежесінде 3-орынға ие болды.



Ұлттың спортын дамыту арқылы ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға жол ашылады. Соның негізінде ұлтының спортын, ойынын біліп өскен ұрпақ оның болмысын танып, ұлтына деген құрметі оянатыны анық. Осыған байланысты соңғы жылдары ел көлемінде ұлттық спортты ұлықтау мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Соның бір дәлелі, Ақтоғай ауданында 30 маусым мен 1 шілде аралығында Ұлттық спорт түрлерінің облыстық фестивалі өтті. Байрақты бәсекеге аудан спортшылары бірқатар спорт түрлерінен жеңімпаз жүлдегер атанып, жалпы командалық есепте 3-орынға ие болды.

2023 жылдың жеті айлық көрсеткіші бойынша дене шынықтыру және спорт бөлімінің мемлекеттік қызмет көрсету арқылы 34 спортшыға III дәрежелі жасөспірімдік разряд берілді, сонымен қатар, 2 спортшы қазақ күресінен, 2 спортшы дзюдо күресінен, 1 спортшы тоғызқұмалақтан, 1 спортшы кикбокстен «Спорт шеберлігіне кандидат» атағын қорғады.

2022 жылдың ақпан айынан бастап, ауылдық округтерде халықты бұқаралық спортқа тарту мақсатында 1 ауыл, 2 кент, 12 ауылдық округтерге спорт нұсқаушысы штаттары ашылып, жұмыстарын жүргізуде.

Халықтың дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту басым бағыт десек, ауданға қарасты елді мекендерде спорт алаңдарын жасақтау қолға алынып келеді. Ауданда халықтың бұқаралық спортпен шұғылдануы үшін 18 гимнастикалық спорт залдары, 8 бейімделген спорт залдары, 24 спорттық алаңдар, 5 хоккей корты, 1 спорт кешені, 1 стадион, 3 воркаут алаңдары, барлығы 60 спорттық нысандар жұмыс жасайды.

Биылғы жоспарға сай шілде айы кірісімен, Сарышаған кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстары басталып кетті. Сонымен қатар, Ақтоғай ауылында арнайы атшабар алаңының құрылыс жұмыстары басталып, маусым айының аяғында құрылыс жұмыстары аяқталып, халыққа ұсынылды және сол арада ірі аймақтық ат спорты сайысы өткен болатын. Ал, былтырдан бері құрылыс жұмысы жүргізіліп келе жатқан аудан орталығындағы стадионды қайта қалпына келтіру жұмыстары қазіргі уақытта жоспарлы түрде жүзеге асып келеді. Бұдан бөлек алдағы уақытта Ақтоғай, Сарытерек ауылдарына хоккей кортын салу жоспарда бар.

Спорт – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бір бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Спорт сөзінің мағынасы ауқымды. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда, бастапқы баспалдағы. Онымен шұғылданатын адамның денсаулығы әркез мықты болмақ. «Бірінші байлық – денсаулық», ал сол денсаулықтың кепілі – спорт.

**А.Кишкентаев,**
**Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.**

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі**

**«Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі**

Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында 2023 жылдың 04 қыркүйек күні сағат 15.00-де конкурс өткізіледі. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4.

| № | Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот №) | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы | Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы | Алқаптардың құрамы, оның ішінде | | | | Орташа балл бонитеті | Сумен қамтамасыз етілуі | Өзге де |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Егістік | Шабындық | Жайылымдық | Басқа алқаптар | | | |
| 1 | Айыртас ауылдық округі лот №82 | Мал шаруашылығы | 3000,0 15 жыл | | | 2988,300 | 11,7861 | 8 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 2 | Қарабұлақ ауылдық округі лот №83 | Мал шаруашылығы | 1800,0 15 жыл | | 476,0 | 1316,8000 | 7,2000 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 3 | Жер қоры лот №86 | Мал шаруашылығы | 2000 15 жыл | | | 1999,4000 | 0,6000 | 6 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 4 | Қарабұлақ ауылдық округі лот №89 | Мал шаруашылығы | 1139,6219 15 жыл | | | 1137,4210 | 0,0009 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 5 | Абай ауылдық округі лот №90 | Мал шаруашылығы | 2300,0100 15 жыл | | | 2292,7000 | 0,0100 | 8 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 6 | Қарабұлақ ауылдық округі лот №91 | Мал шаруашылығы | 2143,0000 15 жыл | | | 2135,5000 | 7,5000 | 6 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 7 | Айыртас ауылдық округі лот №92 | Мал шаруашылығы | 2100,0609 15 жыл | | | 2094,2000 | 0,0609 | 9 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 8 | Жер қоры лот №93 | Мал шаруашылығы | 2500,4000 15 жыл | | | 2493,6000 | 0,4000 | 8 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 9 | Жер қоры лот №99 | Мал шаруашылығы | 1500,0100 15 жыл | | | 1500 | 0,0100 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 10 | Жер қоры лот №100 | Мал шаруашылығы | 2000,0200 15 жыл | | | 1976,3000 | 0,0200 | 6 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 11 | Жер қоры лот №103 | Мал шаруашылығы | 3000,0100 15 жыл | | | 2860,3000 | 0,0100 | 6 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 12 | Құсақ ауылдық окугі лот №61 | Мал шаруашылығы | 2000,0209 15 жыл | | | 1995,8000 | 0,0200 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 13 | Айыртас ауылдық округі лот №70 | Мал шаруашылығы | 2000,6743 15 жыл | | | 1992,2000 | 0,0100 | 9 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 14 | Құсақ ауылдық округі лот №73 | Мал шаруашылығы | 1602,3405 15 жыл | | | 1568,5000 | 0,0100 | 8 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 15 | Жер қоры лот №75 | Мал шаруашылығы | 2000,0100 15 жыл | | | 1998,3000 | 0,0100 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 16 | Жер қоры лот №85 | Мал шаруашылығы | 1684,0 15 жыл | | | 1498,6000 | 183,7000 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 17 | Жер қоры лот №42 | Мал шаруашылығы | 3604,2280 15 жыл | | | 3600,00 | 4,2280 | 6 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 18 | Жер қоры лот №43 | Мал шаруашылығы | 3063,7150 15 жыл | | | 3061,00 | 1,50 | 5 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 19 | Жер қоры лот №59 | Мал шаруашылығы | 1900,0300 15 жыл | | | 1896,4000 | 0,0100 | 8 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 20 | Жер қоры лот №105 | Мал шаруашылығы | 3680,9485 15 жыл | | | 3649,0 | | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 21 | Жер қоры лот №107 | Мал шаруашылығы | 3440,0 15 жыл | | | 3434,0 | | 5 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 22 | Жер қоры лот №114 | Мал шаруашылығы | 3500,0 15 жыл | | | 3488,0 | | 5 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 23 | Нүркен ауылдық округі лот №116 | Мал шаруашылығы | 310,9670 15 жыл | | | 310,9670 | 2,7670 | 6 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 24 | Қараменде би ауылдық округі лот №122 | Мал шаруашылығы | 404,4487 15 жыл | | 23,0 | 380,4 | 403,4 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 25 | Қараменде би ауылдық округі лот №123 | Мал шаруашылығы | 1312,7044 15 жыл | | | 0,6190 | 1311,0 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 26 | Шабанбай би ауылдық округі лот №124 | Мал шаруашылығы | 440,0005 15 жыл | | | 438,5 | 438,5 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |

**ЕСКЕРТПЕ:**

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) Конкурсқа қатысуға арналған өтінім; 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурстық ұсыныста:

Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылық дақылдарын өндеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап, күнтізбелік отыз күн өткен соң 2023 жылғы 18 тамыз сағ. 10:00-ден бастап 2023 жылдың 01 қыркүйек сағ. 10.00-ге дейін 15 жұмыс күні аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8 (71037) 2-12-92; 2-13-83 алуға болады.

---

**ГУ «Аппарат акима Актогайского района» извещает список не сыгранных лотов в предыдущем конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства**

ГУ «Аппарат акима Актогайского района» проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства, который состоится 04 сентября 2023 года 15.00 ч., по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 4 здание акимата района, малый актовый зал.

| № | Направление от ближащего населенного пункта земельных участков, № лот | Сельскохозяйственная специализация региона | Общая площадь Срок аренды лет | Сельхоз угодии в.т.ч. | | | | средний балл бонитета | Водообеспеченность | Другие |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Пашня | Сенокосы | Пастбища | Другие угодии | | | |
| 1 | Айыртаский сельский округ лот №82 | Для животноводства | 3000,0 15 год | | | 2988,300 | 11,7861 | 8 | Необеспечен | |
| 2 | Карабулакский сельский округ лот №83 | Для животноводства | 1800,0 15 год | | 476,0 | 1316,8000 | 7,2000 | 7 | Необеспечен | |
| 3 | Земли запаса лот №86 | Для животноводства | 2000 15 год | | | 1999,4000 | 0,6000 | 6 | Необеспечен | |
| 4 | Карабулакский сельский округ лот №89 | Для животноводства | 1139,6219 15 год | | | 1137,4210 | 0,0009 | 7 | Необеспечен | |
| 5 | Абайский сельский округ лот №90 | Для животноводства | 2300,0100 15 год | | | 2292,7000 | 0,0100 | 8 | Необеспечен | |
| 6 | Карабулакский сельский округ лот лот №91 | Для животноводства | 2143,0000 15 год | | | 2135,5000 | 7,5000 | 6 | Необеспечен | |
| 7 | Айыртаский сельский округ лот №92 | Для животноводства | 2100,0609 15 год | | | 2094,2000 | 0,0609 | 9 | Необеспечен | |
| 8 | Земли запаса лот №93 | Для животноводства | 2500,4000 15 год | | | 2493,6000 | 0,4000 | 8 | Необеспечен | |
| 9 | Земли запаса лот №99 | Для животноводства | 1500,0100 15 год | | | 1500 | 0,0100 | 7 | Необеспечен | |
| 10 | Земли запаса лот №100 | Для животноводства | 2000,0200 15 год | | | 1976,3000 | 0,0200 | 6 | Необеспечен | |
| 11 | Земли запаса лот №103 | Для животноводства | 3000,0100 15 год | | | 2860,3000 | 0,0100 | 6 | Необеспечен | |
| 12 | Кусакский сельский округ лот №61 | Для животноводства | 2000,0209 15 год | | | 1995,8000 | 0,0200 | 7 | Необеспечен | |
| 13 | Айыртаский сельский округ лот №70 | Для животноводства | 2000,6743 15 год | | | 1992,2000 | 0,0100 | 9 | Необеспечен | |
| 14 | Кусакский сельский округ лот №73 | Для животноводства | 1602,3405 15 год | | | 1568,5000 | 0,0100 | 8 | Необеспечен | |
| 15 | Земли запаса лот №75 | Для животноводства | 2000,0100 15 год | | | 1998,3000 | 0,0100 | 7 | Необеспечен | |
| 16 | Земли запаса лот №85 | Для животноводства | 1684,0 15 год | | | 1498,6000 | 183,7000 | 7 | Необеспечен | |
| 17 | Земли запаса лот №42 | Для животноводства | 3604,2280 15 год | | | 3600,00 | 4,2280 | 6 | Необеспечен | |

(Жалғасы 7-бетте).

*Алаштың зиялысы Мағжан Жұмабаевтың туғанына – 130 жыл*



# *Алаштың* сөнбес жұлдызы

Мағжан – өз жерін де, өз тегін де мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ақтауға ұмтылған, асыл маржанға теңелген сұлу лирикалық жырларымен оқырманын еліткен халқының дара перзенті, сыршыл да өршіл маржан жырларының құдіреті арқылы өзінің бүкіл болмысы мен поэзиясының ерекшелігін танытып, құбылмалы өмір күйінен өз әуезін таба білген, қашанда тек ұлтының керегін іздеп, мұңы мен зарын жоқтауға, қуанышын көркейтуге, жаманын жасырмай, жақсысын асырмай жырлауға берік бекінген және де ұлт өмірінде үлкен рөл атқарған шығармашылығынан туған халқының тынысымен қатар, тұтас кезең бейнесі көрініс тапқан көрнекті ақын болған.

Мағжан Жұмабаев ақындығымен қоса, қазақтың бірлігі мен Алаштың азаматтығы үшін күрескен танымал тұлға. Оның күрескерлік өмірі мен шығармашылығы кеңес кезінде кісенде болды.

Сол зұлмат замандарда ақынның өлеңдерін бастыру, оқу тоқырау заманында мүмкін болмады. Енді жарты ғасырдан аса уақыт өткенде ғана аты аңызға айналған ақынның шығармалары халқына қайта оралды. Дүлей қара күшті ақыл-парасатты ауыздықтап, шідерлегенін, ата-баба жолын ұмыттырып, тексіздікке сүйрегенін кешегі тарихтан білеміз.

Бүгіндері өткендегі орасан қателерді жөндеп, рухани байлықты халықтың өз иелігіне қайтаруға мүмкіндік туып отыр.

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Жұмабаев Мағжан Бекенұлы 1893 жылы 25 маусымда қазіргі Бейнетқор ауданында (бұрынғы Сары айғыр болысы, Ақмола облысы, Қызылжар уезі) дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты – Әбілмағжан. Мағжанның өз әкесі Бекен деген адам (1867 жылы туған). Жұмабай Бекеннің әкесі (1827 жылы туған). Жұмабайдың әкесі – Шонай. Оның әкесі Өтеген, оның әкесі Өтеміс.

Қазір Өтеміс деген Арғынның Атығай деген танабының бір руы. Төрт жасында ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашады, ал 1905 жылы Қызылжардағы (қазіргі Петропавл) медресеге оқуға түседі, бұл медреседе араб, парсы, түрік тілдерін еркін меңгерген, Стамбұлда оқып, дәріс алған, ауқатты әулеттен шыққан жергілікті интеллигент Мұха-меджан Бегішев ашқан. Ол өзі шығыс халықтарының тарихы жөнінде де сабақ берген. Мағжан Жұмабаев бұл медресені 1910 жылы жақсы үлгеріммен бітіреді.

1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы "Ғалия" медресесінде білім алды. Онда татар жазушысы Ғ.Ибрагимовтен дәріс алып, белгілі қайраткер С.Жантөринмен тығыз қарым-қатынас орнатады, бо-лашақ көрнекті жазушы Б.Майлинмен танысады. Ибрагимовтің көмегімен 1912 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтер баспасында "Шолпан" атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. "Садақ" журналын шығаруға қатысады, оған өзінің өлеңдерін жариялайды.

1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. "Бірлік" ұйымы жұмысына белсене араласып, "Балапан" қолжазба журналын шығаруға қатысады. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы секілді Алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, "Қазақ" газетіне өз өлеңдерін жариялайды. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола облысы қазақ комитеті құрамына сайланды. Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты. Бірінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. "Алаш" партиясының Ақмола облысының комитетінің мүшесі болды. "Үш жүз" партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті.

1918-1919 жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті. Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Мағжан Жұмабаев көпшілік қауым мойындаған, қалыптасқан ақын болып танылады, оның жырлары қазақ даласын шарлап кетеді. «Жан сөзі» атты атақты өлеңінде ақын өзінің «Медресе-Ғалиядан» кетуіне үзілді-кесілді қарсы болған әкесі Бекенмен арадағы салқындықты және жергілікті даушарға қатысқысы келмеген жайын, өзінің сол тұстағы қауымға наразылығын зарлай жырлайды. 1919 жылы ақын екі бірдей қасіретке душар болады: тағдыр қосқан қосағы толғақ үстінен қайтыс болса, азамат соғысы уақытысына орай есімін Граждан қойған перзенті бір жылдан соң ол да үзіледі.

Осының бәрі ақын жүрегіне зіл батпан ауыртпалық түсіріп, із қалдырады. «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңі осы сәтте туған.

1919-1923 жылдары Ақмола губер-ниялық "Бостандық туы" газетінде, "Шолпан", "Сана" журналдарында, "Ақжол" газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезеңде қалың қауымға таныс поэмасы "Батыр Баянды" жазып, жарыққа шығарады.

1923-1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Европа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлеріменжететанысып,көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. 1924 жылы 24 қарашада Мәскеу қаласындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Мағжанның 1922 жылы қазанда, 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтарын талқыға салды. Онда ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылданды. Бұл қаулы "Еңбекші қазақ" газетінің 1925 жылы 14 ақпандағы санында басылды. Орынсыз сыннан көңілі жабыққан ақын "Сәлем хат" деген өлең жазды. Ол "Тілші" газетінде жарияланды. "Еңбекші қазақ" газетінің 1924 жылы 19 желтоқсанындағы санында Сәбит Мұқановтың "Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына" деген ескертпемен "Сәлемге сәлем" деген жауап өлеңі басылды. Жаңа құрылысқа, жаңа тұрмысқа қатысты нақтылы өлең жазбаса да, "уралап айқайламадың" деген кінәмен, тап күресіне белсене араласып, кедей сөзін сөйлемедің деген айыппен Мағжан қатаң сынға алынды.

Ақын 1927-1929 жылы Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады. 1929 жылы Жұмабайұлы "Алқа" атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қала-лық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады.

1937 жылы наурызда Мағжан Бекенұлы Алматы қаласына келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.

Мағжан – Алаш қайраткері. Рухты жырларымен халықты жігерлендіріп, елді татулыққа шақырды. Бірақ, солақай саясаттың құрбаны болды.

Мағжан Жұмабаевтың мол мұрасы Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарында ғана жұртшылыққа жария етілді.

Мағжан Жұмабаев ешқандай басшылық қызметтер атқармаған. Сырт бейнесі өте сұлу, келбетті адам болған екен. Сәбит Мұқанов ол туралы: «Мінезі баладай, тілі балдай еді. Адамға қайырымды, кешірімді, қалтқысыз жан еді…» деп жазады. Сондай-ақ, аумалы-төкпелі заманда өзіне қара күйе жаққан жандарға ақынның жаман сөз айтпауы да оның бойында адамшылық қасиеттің биік болғандығын көрсетеді.

**(Материал ғаламтордан алынды).**

**(Соңы. Басы 6-бетте).**

| № | Направление от ближащего населенного пункта земельных участков, № лот) | Сельскохозяйственная специализация региона | Общая площадь Срок аренды лет | | Сельхоз угодии в.т.ч | | | | средний балл бонитета | Водообеспеченность | Другие |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Пашня | Сенокосы | Пастбища | Другие угоди | | | |
| 18 | Земли запаса лот №43 | Для животноводства | 3063,7150 | 15 год | | | 3061,00 | 1,50 | 5 | Необеспечен | |
| 19 | Земли запаса лот №59 | Для животноводства | 1900,0300 | 15 год | | | 1896,4000 | 0,0100 | 8 | Необеспечен | |
| 20 | Земли запаса лот №105 | Для животноводства | 3680,9485 | 15 год | | | 3649,0 | | 7 | Необеспечен | |
| 21 | Земли запаса лот №107 | Для животноводства | 3440,0 | 15 год | | | 3434,0 | | 5 | Необеспечен | |
| 22 | Земли запаса лот №114 | Для животноводства | 3500,0 | 15 год | | | 3488,0 | | 5 | Необеспечен | |
| 23 | Нүркенский сельский округ лот №116 | Для животноводства | 310,9670 | 15 год | | | 310,9670 | 2,7670 | 6 | Необеспечен | |
| 24 | Карамендебиский сельский округ лот №122 | Для животноводства | 404,4487 | 15 год | | 23,0 | 380,4 | 403,4 | 7 | Необеспечен | |
| 25 | Карамендебиский сельский округ лот №123 | Для животноводства | 1312,7044 | 15 год | | | 0,6190 | 1311,0 | 7 | Необеспечен | |
| 26 | Шабанбай биский сельский округ лот №124 | Для животноводства | 440,0005 | 15 год | | | 438,5 | 438,5 | 7 | Необеспечен | |

**ПРИМЕЧАНИЕ**

Заявка на участие в конкурсе физических и юридических лиц по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) Заявка на участие в конкурс; 2) Конкурсные предложение.

Конкурсное предложение должно содержать:

Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовие сельскохозяственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) Обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) Обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение предоставляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличи) – для юридических лиц.

Прием регистрация и заявок на участие в конкурсе проводится по истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса от 18 августа 10:00 ч. 2023 года до 1 сентября 10:00 час 2023 года.

Извещению землеустройтельных схем сельхозугодии выставляемых на конкурс можно прочитать на интернет-ресурсе местных испольнительных органов и специальных информационных стендах сельских округов и ГУ отдела земельных отношении, архитектуры и градостроительства Актогайского района Карагандинской области.

Полную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Актогайского района» Контактные телефоны: 8 (71037) 2-12-92; 2-13-83.

## Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы мүлік салығын 2023 жылдың 1 қазанына дейін төлеуге шақырады

Қазіргі уақытта жеке тұлғалардың мүлік салығы бойынша есептелген сомалар туралы ақпарат SMS және PUSH-хабарламалар арқылы банктік қосымшаларды пайдаланушыларға жіберіледі.

Мүлік салығының сомасын оны төлеу мерзімі басталғанға дейін дайын деректемелер бойынша төлем жүргізу мүмкіндігімен бір мезгілде мемлекеттік кірістер Комитеті kgd.gov.kz сайтындағы "Алдағы төлемдер" сервисінен және "E-salyq Azamat" мобильді қосымшасынан білуге болады.

Мүлік салығы заңнамада белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда салық берешегі туындайды.

Хабарлама тапсырылған күннен бастап, отыз жұмыс күні өткен соң, 1 еселенген АЕК-тен астам мөлшердегі салық берешегі кезінде салық органы салықтық бұйрық шығарады.

Салық бұйрығы табыс етілген күннен бастап, 5 жұмыс күні ішінде берешек өтелмеген жағдайда, тиісті салық Бұйрығы жеке сот орындаушыларына мәжбүрлеп өндіріп алуға беріледі.

Сонымен қатар, шоттарға тыйым салудан туындаған қолайсыздықтар туралы айтпағанда, жеке сот орындаушылары берешек сомасына қосымша жеке тұлғалардан салық берешегі сомасының 25%-на дейін өндіріп алады.

Мемлекет алдындағы салық міндеттемелерін уақытылы орындауға шақырамыз.

**Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.**

## Хабарландыру

«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 04.08.2023 жылы сағат 15.00-де болады.

**Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады:**

1. Серіктестіктің 2023 жылғы бюджетін, кірістер мен шығындардың сметасын және штаттық кестені бекіту.
2. Серіктестіктің несие желісін ұлғайту.
3. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-да ҚР Екінші деңгейдегі банктерінде және «Қазпочта» АҚ-да орналастырылған жарғылық капитал сомасының кемінде 25% мөлшерінде соттан тыс сату және акцептісіз алып қою құқығымен ақшалай қаражатты кепілге беру туралы біржолғы шешім қабылдансын.
4. Берілетін несиенің жылдық пайыздық мөлшерін бекіту.
5. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
6. Басқарма құрамына өзгеріс енгізу.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №10 ғимаратта «Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек:

**8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8777 540 34 71.**

## *Хабарландыру*

ЖК Абикеев М.К. қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша "Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кенті мекен-жайы бойынша жеке қосалқы шаруашылық пен кеңсені жүргізу үшін қораны пайдалану"жобасына қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар 31.07.2023 жылдан бастап, 5 жұмыс күні ішінде өтеді. Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган – "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ. Тел.: +7(7212)56-81-66. Ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қабылданады https://ecoportal.kz/Disscusion/DisPublle. Жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші: ЖК Абикеев М.К., ЖСН 690427350029. Әзірлеуші: "Eco Jer" ЖШС, Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 37, ҚҚ. 627; тел.:+7-771-259-66-16; ecojer@mail.ru.

## *Объявление*

ИП Абикеев М.К. сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по Проекту «Раздел охраны окружающей среды» к Проекту «Эксплуатация коровника для ведения личного подсобного хозяйства и офиса по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, пос. Сарышаган». Публичные обсуждения будут проходить с 31.07.2023 г. в течение 5 рабочих дней. Орган, ответственный за координацию общественных слушаний в форме публичного обсуждения, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области. Тел.: +7(7212)56-81-66. Замечания и предложения принимаются на едином экологическом портале https://ecoportal.kz/Disscusion/DisPublle. Заказчик проектной документации: ИП Абикеев М.К., ИИН 690427350029. Разработчик: ТОО: «Eco Jer», г.Караганда, ул.Алиханова 37, оф. 627; тел.:+7-771-259-66-16; ecojer@mail.ru.






## Жарамсыз деп танылсын

Қарабұлақ ауылдық округінің тұрғыны, «Сетебай» шаруа қожалығының жетекшісі Базарбеков Қайрат ЖСН 670426350269 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 ФKZ» (версия 01KZ) маркалы, заводтық нөмірі 0010039, шыққан жылы 2012 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Сарытерек ауылдық округінің тұрғыны, «Алия» шаруа қожалығының жетекшісі Жумалиев Болатхан ЖСН 560303301467 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 ФKZ» (версия 02KZ) маркалы, заводтық нөмірі 0034056, шыққан жылы 2013 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Акорда» шаруа қожалығының жетекшісі Смаилов Руслан Кулахметович ЖСН 640418300858 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 ФKZ» (версия 02KZ) маркалы, заводтық нөмірі 0046864, шыққан жылы 2014 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Ерканат» шаруа қожалығының жетекшісі Мукатаева Зауреш ЖСН 601011401489 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 ФKZ» (версия 02KZ) маркалы, заводтық нөмірі 0008453, шыққан жылы 2012 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Қараменде би ауылдық округінің тұрғыны, «Амангелді» шаруа қожалығының жетекшісі Нуртазин Ердəн ЖСН 770404350458 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1446582, шыққан жылы 2006 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны, «Талап» шаруа қожалығының жетекшісі Шакенов Кудайберлы ЖСН 770530301465 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФKZ» (версия 115KZ010 маркалы, заводтық нөмірі 000001283144, шыққан жылы 2013 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Қарабұлақ ауылдық округінің тұрғыны, «Айнұр» шаруа қожалығының жетекшісі Касымбеков Алмас Амангелдыулы ЖСН 740314301138 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФKZ» маркалы, заводтық нөмірі 000001299372, шыққан жылы 2014 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Сарытерек ауылдық округінің тұрғыны, «Ақсай» шаруа қожалығының жетекшісі Рахимбеков Балтабек ЖСН 791126350364 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 180 ФKZ» маркалы, заводтық нөмірі 000010166033, шыққан жылы 2013 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.







**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

**Редактор:** Г.Елеусизова

**Меншік иесі:** ''Ақтоғай ажары''газеті редакциясы ЖШС

**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы: Думан Қабыл**

**Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.



**Телефондар:** **редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**



**Электрондық пошта aktogai_red @ mail.ru**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.